

жымысқы саясаты жатқанын аңғару қиын емес.

Әбілғазы Баһадүрдің «Хандар шежіресі» кітабында: «Шыңғыс ханның үшінші атасы Қабыл ханның алты ұлы болып еді, баршасы батыл, ұшқыр, батыр еді. Соған қарап бұл жігіттерді Қияттар деді. Таудан аққан селді түркілер «Қиян» дейді, Қият соның көпшесі.

Қабыл ханның үлкен ұлы Бұртан, оның ұлы Шыңғыс ханның әкесі Есүгей баһадүр еді. Есүгей баһадүрдің көзі шаһла еді, моғолдар шаһланы «Боржығын» дер еді, сондықтан оның руы, Есүгей баһадүрдің нәсілі өздерін Боржығын Қиятпыз деп атады. Қият елі Қабыл хан ұрықтарынан кейін де көп уақыт солай аталды» деп жазылған.

Шыңғыс әулеті түгелдей түрік хандары ретінде баяндалады. Кітаптың «Түрік хандары шежіресі» аталуы да соны көрсетеді.

Шыңғыс хан (дүниеге келгенде қойылған шын есімі Темірші) 1155 жылы туып, 1227 жылы 72 жасында қайтыс болған. Әкесі Есүгей Бұртанұлы. Темірші Есүгейұлының әйелі қоңырат руының қызы Бөрте. Темірші мен Бөртенің 4 ұлы болды. Олардың есімдері – Жошы (1179-1227), Шағатай 1183 ж.т., Үгедей 1186 ж.т., Төле 1193 ж.т.

Темірші 1190 жылдардың шамасында бүгінгі Қазақстан, Моңғолия, Қытайдың солтүстігі мен батыс аумағындағы бытыраңқы өмір сүріп жатқан түркі тайпаларының басын біріктіріп, бір орталықтан басқарылатын мемлекет құрған. Темірші 1190 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысындағы Шыңғыстау бөктерінде біртұтас түркі мемлекетін құрғанын жария етіп құрылтай өткізген. Осы құрылтайда оған түркі халықтарына ортақ қасиетті таудың атына лайық деп Шыңғыс хан деген есім берілген.

Шыңғыс хан осы құрылтайда біртұтас мемлекет құрудың жоспарын жария етті. Ханның ақылшысы Майқы есімді ғұлама абыз ақсақал болды. Қазақта «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген сөз бар. Сол Майқы би бірінші кезекте бытыраңқы түркі тайпаларының басын біріктіретін нәрсе – мемлекеттің ортақ тілі болуы керек деген жүйені орнықтыруға күш салды. Сол ортақ тіл бүгінгі қазақ тілі еді. Бүгінгі күні әлемнің әр шалғайында өмір сүріп жатқан түркі халықтарының тілдерінде қазақ тілінің негізгі компоненттерінің болуы сол дәуірдегі Шыңғыс хан мен Майқы бидің мемлекетті басқару жүйесінен бері қарай бұзылмай келе жатқан қағида екенін түркология ғылымы дәлелдеп келеді.

Жошы 1179 жылы туған, шенесі қоңырат қызы Бөрте, әкесі Темірші, оның әкесі Есугей, Жошының әжесі керей қызы Әуелім. Жошы 17 жасында қоңырат қызы Сарыханға үйленеді. Қытай, араб, Еуропа жиһангездері мен жылнамашылары жазған Шыңғысханның ата-тек шежіресінен оның таза түркі ұлтынан екенін байқау қиын емес. Ал Бөртеден туған ұлдары Жошы (шын есімі Жолшы, жолда туған деген мағынада. Е.І.), Шағатай, Үгедей, Төле есімдері олардың қазақи ортада туып-өскенін аңғартады.

1223 жылы Шыңғысхан Сыр бойында Түркістан маңындағы Күлтөбе деген жерге құрылтай шақырады. Оған батырлар, әскер, ру-тайпа басшылары және Шыңғысханның ұлдары жиналады. Осы құрылтайда Шыңғысхан жаулап алған жерлерін бәйбішесі қоңырат қызы Бөртеден туған ұлдарына бөліп береді.

Шыңғыс хан Азия құрылығының шығысындағы Корея түбегінен, Ұлы Қытай қорғанынан батысқа қарай Қазақ даласы мен Қап тауына, одан әрі Еуропаның Дунай дариясына дейінгі, оңтүстігінде Арабия, қос өзен (Евфрат пен Тигр), үнді, Ауған жерлерін төрт ұлына бөліп иегершілік етуді тапсырады.

Үлкен ұлы Жошыға Ертіс пен Орал тауының аралығы, Каспий, Арал теңіздерінің маны, Жетісудан Оңтүстік Ресей, Еділ, Жайық бойы, Азаулы даласы, Солтүстік Кавказ, қазіргі Омбы, Томбы, Орынбор, Астрахан жерлері, Татар, Башқұрт жерлері тапсырылады, бұл алып аймақ тарихта Дешті Қыпшақ мемлекеті деп аталды. Ал қазақ даласы Жошы ұлысы деп атанады.

Екінші ұлы Шағатайға Қашқариядан Әмударияға дейінгі жерлер, Самарқан мен Бұхараға дейін, Солтүстік Жетісу, Шығыс Түркістан жерлері беріледі.

Үшінші ұлы Үгедейге Моңғолия жерінің батысы мен Тарбағатай аймағы үлестіріледі.

Кіші ұлы Төле ата-баба жолымен қара шаңыраққа ие болып, Алтай, Саян таулары мен Қытайдың солтүстігіндегі ішкі Моңғолия жерлері беріледі.

III. ЖОШЫ ХАН

Жошы осы Дешті Қыпшақ мемлекетінің, қазіргі Қазақтың Ұлы Даласында құрылған мемлекеттің алғашқы билеушісі, тұңғыш ханы болды. Жошы қапияда қаза тапқасын осынау кең-байтақ далаға оның ұлы Батый (Әжесі Бөрте тұңғыш немересіне Батыр деген таза қазақи есім берген. Р әрпіне тілі келмейтін қытай жылнамашылары Батырды Батый деп жазған, мұны орыс тарихшылары Батый, Бату деп өз тілдеріне сәйкестеп жазып жүр. Біздер, қазақ тарихшылары мен жазушылары, ендігі жерде Ұлы Дала билеушісін Бөрте ханым берген шын есімімен атағанымыз жөн. Е.І.) билік жүргізеді. Ол әкесінің иелігіндегі жердің көлемін ұлғайтты. Бүкіл Ресейдің оңтүстігі, Шығыс Еуропаны, Кавказды, Иран мен Иракты, Ауғанстанды бағындырды да, Алтын Орда мемлекетін құрды. Осы Алтын Орда мемлекетіне 300 жылдай уақыт Жошы ұрпақтары билік жүргізіп, хан болды.Атап айтқанда, Батыр-дан кейін ұлы Берке хан (шын есімі Береке. Е.І.), Токта хан, Өзбек хан, Орыс хан, Барақ хан.Қазақ хандығы құрылған кезден бастап, Жәнібек, Керей, Хакназар, Есім, Қасым, Тауке, Әбілқайыр, Абылай сынды хандар және қазақтың соңғы ханы Кенесары болғанын жұрт жақсы біледі. Кіші жүзде Әбілқайыр хан ұрпақтары Жәңгір, Нұралы, орта жүзде Абылай ханұрпақтары Уәли, Қасым, Кенесары, ұлы жүзде Шағатай немересі Жолбарыс ханның ұрпақтары билік құрды.

Жошы хан өз ұлысында түркі тілдес халықтардың басын біріктіріп бір мемлекет құруға күш салады. Шыңғыс ханның кеңесшісі болған ақылман ақсақал Майқы бидің мемлекет басқарудың негізгі тетігі тілде екенін Жошы да мықтап ескереді. Сөйтіп өз ұлысында өмір сүріп жатқан алуан ұлттардың бір тілде – байырғы қазақ тілінде сөйлеуіне пәрмен шығарады.

Сол дәуірде Шыңғыс ханның айналасында болған араб, парсы, Еуропа елдерінен келген жиһангездердің, елшілердің жазба деректерінде, қытай елінің жылнамалық жазбаларында Жошы хан қатал болмаған, қай нәрсеге де парасат-пайыммен қарайтын аса ақылды адам болғанын жазып кеткен.

Шыңғыс хан Орта Азия қалаларын бағындыруда асқан қатігездік көрсетіп, жаппай қырып-жою әрекеттеріне барады. Бұқара мен Самарқанды, Хорезімді аларда тым қатал әдістерді қолданады, қалалардың халқын судан тарықтыру, көп айлап қоршауда ұстау арқылы мәжібүрлеп бағындырады. Бұл әдіске Жошы қарсы болады. Әкесі екеуі осылайша келісе алмай, араздасып кетеді. Шыңғыс хан үлкен ұлының мемлекет басқару ісінде тым босаңқол болғанын қаламайды, қарамағындағы халықты бетімен жіберсең өзіне қауіп

ХАБАРЛАНДЫРУ

«МЖҚМЛ» АҚ 10.07.2024 ж. Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы, Орталық шағын-аудан. , 1/15. Маңғыстау облысы әкімдігі, мәжіліс залы мекен-жайы бойынша, уақыты – 15:30, келесі жоба бойынша: «Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданындағы 10 разьезде (№2 және №3 учаскелер) құм-қиыршық тас қоспасын өндіру кезінде бұзылған жерлерді рекултивациялау жобасының қоршаған ортаны қорғау бөліміне ашық жиналыс өткізеді».

Аумағына ықпал ету мүмкін болатын және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы

Шектеу шаралары енгізілген жағдайда тыңдаулар онлайн режимінде ZOOM платформасында бейнеконференция байланысы арқылы өтеді.

Тыңдауларға қатысу үшін төмендегі сілтеме бойынша өту қажет: <https://us04web.zoom.us/j/5984402741>.

Жеке конференцияның идентификаторы: 598 440 27 41.

Кіру коды: 677118.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 87017455732

Қоғамдық тыңдаулар туралы хабарландыру

1. Жобаның атауы: «Қаламқас-Қаражанбас-Ақтау» Ø530мм МҚ. 0-23 км учаскесіндегі құбырды қайта құру».

2. Әсер ету аумағы: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылы.

3. Өтетін орны: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылы, Х.Елмұханбет көшесі, 6-ғимарат, Таушық ауылының Аппарат әкімшілігі».

Қоғамдық тыңдау уақыты: 10 шілде 2024 жыл сағат 11.00-де өтеді.

Онлайн қосылуға сілтеме: Zoom конференциясы қосылады <https://us04web.zoom.us/j/77999904763?pwd=OigNLVPDpzFmOT9KPYd6xqW13UyMQB.1>

Конференция идентификаторы: 779 9990 4763

Қолжетімділік коды: KSD3hd

4. Аталған істің бастамашысы: «ҚазТрансОйл» АҚ МҚБ

Байланысы: 8 7292 479317

5. Өңдеуші: «ҚазТрансОйл» АҚ ЗӨО филиалы, Ақтау қ. СЖБ

БИН: 000941000473

Әкілі: КанатбаеваГульчатУрынбаевна

Байланысы: тел: **8 7292 479-369**

эл.пошта: Kanatbayeva_G@kaztransoil.kz

6. Жобаның материалдарымына сайта орналасқан: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco> және бірінғай экологиялық порталда, мекен-жайы Ақтау қ. 14-ықшам аудан, әкімшілік ғимараты, 240-кеңсе.

7. Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратпен мына мекен –жай және номер бойынша: Ақтау қ., 8-ы/а, 38 «Б» ғимарат, Anisimov@kaztransoil.kz; Kanatbayeva_G@kaztransoil.kz және тел: 8(7292)479-317, 479-347, 479-369.

8. Ескертпелер мен ұсыныстар қабылданады: мекен-жайы : Ақтау қ., 14-ықшам аудан, әкімшілік ғимараты, 240-кеңсе, <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco> және бірінғай экологиялық порталда.

телефонына хабарласуға болады.

Тапсырыс беруші: «МЖҚМЛ» АҚ, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қызылтөбе ауылы, Бірлік тұрғын алабы, 2,4 өндірістік аймақ, БИН 940340000590, эл.адрес; marketing@nss.kz.

Орындаушы: «Казгеоизыскания» ЖСШ, Атырау облысы, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы,48. БИН 030740001038, эл. адрес: enviropmen@nss.kz тел.: 87017455732

Жергілікті атқарушы орган – «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы», электрондық мекенжайы: moup@mangystau.gov.kz, тел.: 8 7292 46-21-31.

Жобалық құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/details/638285?lang=ru>, ecoportal.kz орналастырылған

Ескертулер мен ұсыныстар төмендегі электронды мекен-жайлар бойынша қабылданады: ecoportal.kz, moup@mangystau.gov.kz

Қосымша мағлұмат бойынша мына эл. мекен-жайдан алуға болады: gulsim81@list.ru және 87017455732 нөмірі бойынша хабарласуға болады.

МЕТАЛЛ СЫНЫҚТАРЫН САТУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қаражанбасмұнай» АҚ әлеуетті сатып алушыларды мүлiктi сату бойынша бағаны өсiру әдiсiмен өтетiн электрондық сауда-саттыққа қатысуға шақырады:

1) «Бұрын пайдалануда болған сорғы штангалары түрiндегi металл сынықтары» – 536,00тонна.

Бастапқы бағасы – 27 228 800,00 теңге (1 тонна бағасы – 50 800,00 теңге).

Электрондық сауда-саттықты өткiзу күнi мен уақыты: 25.06.2024ж., сағат 10.00-де өтедi.

Электрондық сауда-саттық шарттары және сатылымға шығарылатын металл сынықтары туралы толық ақпарат мемлекеттік мүлiк тiзiлiмiнiң веб-порталында көрсетiлген (www.e-qazyna.kz).

Қосымша ақпаратты 8 (7292) 473828 телефоны бойынша алуға болады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

Жобаның атауы	«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Қаламқасмұнайгаз» кен орнын игеру жобасы
Қоғамдық тыңдауларды өткізетін жер	Түпқараған ауданы, Таушық ауылы
Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты және орны	2024 жылғы 22 шілде сағат 11.00-де Таушық ауылы әкімдігінің акт залында өтеді. Карантиндік режим жағдайында қоғамдық тыңдаулар бейнеконференция арқылы өткізіледі (Microsoft Teams платформасында) Конференция идентификаторы: сілтеме : (https://teams.microsoft.com/dll/launcher/launcher.html?url=%2F)
Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері	«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қоршаған ортаны және парниктік газдарды қорғау қызметі, БИН 990140000483, Е. К.Малдыбаев, e.maldybaev@mmg.kz , телефон 8/7292/ 211-452, 215-616
Өзірлеушінің атауы және байланыс деректері	«ҚМҒ Инжиниринг» ЖШС филиалы «ҚазНИПИмұнайгаз» Ақтау қ., 35-ш / а., 6/1 ғимарат., тел: 470-244. «ҚМҒ Инжиниринг» тел: 470-244. БИН: 180541009170. b.mukhambetov@kmge.kz , T.Spitsina@kmge.kz
Жоба бойынша құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы	https://ecoportal.kz
Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері	Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы. Жобаларды экологиялық сараптау бөлімінің бас маманы Сабина Базарбай 8/7292/ 46-21-31 (1210), moup@mangystau.gov.kz
Ескертулер мен қосымшалар қабылданатын жергілікті атқарушы органның эл.поштасының мекен-жайы	Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы. https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru .

 **"МАҢҒЫСТАУ МЕДИА" ЖШС**
ЖАРНАМА БӨЛІМІ

 | 8 7292 20 48 42 | жұмыс уақытында

 | 8 778 145 90 93 | тәулік бойы қосулы

 **MAҢGYSTAY**
MEDIA

«Батыс-Платина ломбард» ЖШС көпілге қойылып қайтарылмаған мүлiктiң сауда-саттығын хабарлайды. Сауда-саттық 2024 жылдың 28 маусым күні, сағат 10.00-14.00-де, 26-22-103 кеңседе ағылшын әдісі бойынша өтеді.

С.Б. Темирова атына №4670 берілген 06.09.2022 ж. сату-сатып алу келісім шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.